ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

БАЯНАУЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

АКИМАТ БАЯНАУЛЬСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 15 ақпан

Баянауыл қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 27/02

г. Баянаул

Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурс, аукцион) өткізу тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 14-1, 17, 48-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына» сәйкес, Баянауыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аукционға шығарылатын сауда-саттық объектілері тізімі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының қосымшасындағы шығарылатын сауда-саттық объектілері ағылшындық әдіспен өткізу белгіленсін.

3. Аукционға шығарылатын сауда-саттық объектілерінің бастапқы және ең төменгі бағасы қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. «Баянауыл ауданының жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне осы қаулы бойынша туындайтын іс-шараларды атқару жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Арыстанбековке жүктелсін.

Аудан әкімі **А. Ксентаев**

000228

Аудан әкімдігінің
2025 жылғы «16» [illegible]
№ [illegible] қаулысына
қосымша

Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жоніндегі сауда-саттыққа (конкурс, аукцион) ұсынылған жер телімдерінің тізбесі

№ р/н	Жер телімінің орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Бір жылдық жалдау құны, теңге	Пайдалану құқық түрі, жыл	Жер телімінің құны, теңге	Бастапқы құны, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Торайғыр ауылдық округі, Торайғыр ауылы	Дүкен құрылысы және қызмет көрсету үшін	0,1000	864	Жер учаскесіне уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану құқығы 3 жыл мерзімге	221000	13 260
2	Сәтбаев ауылдық округі, Қаныш Сәтбаев ауылы	Мал сою алаңының құрылысын жүргізу мен қызмет көрсету үшін	0,2500	2160	Жер учаскесіне уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану құқығы 3 жыл мерзімге	373750	22 425
3	Ұзынбұлақ ауылдық округі, Ұзынбұлақ ауылы	Ветеринарлық емхананың құрылысын жүргізу және қызмет көрсету үшін	0,5740	4959	Жер учаскесіне уақытша өтеулі қысқа мерзімді жер пайдалану құқығы 3 жыл мерзімге	858130	51 488